

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының кезектен тыс педагогикалық кеңес**

Хаттамасы

Күні 27.01.2025 ж

Қатысқандар: 10 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын қорытындылау туралы.

Тыңдалды:

Бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жүргізу үшін ұжым арасынан жеті (7) адамнан тұратын комиссия құрамы құрылды. Комиссия құрамына ұйымның қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезіндегі жұмыс жоспары құрылып, нақты тапсырмалардың жоспары жасақталды. Мынадай бағалау мазмұнында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жоспарының талаптарына сәйкестігі, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асырылуы, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтауы, баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы, тәрбиеленушілердің даму мониторингінің болуы және нәтижелерін талдауы, үлгілік оқу бағдарламасына қосымша сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдау, МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы, балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтауы, тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтауы, тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтардың мәліметі, біліктілік санатының деңгейін 5 жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің мәліметі, 3 жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарын өткен педагогтардың мәліметі, жабдықтармен, жиһаздармен жарактандырылуы қамтамасыз етілгендігі туралы мәлімет, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мәліметі, жас топтарының толықтырылуының сәйкестігі туралы мәліметі, мектепалды топтарының ата-аналарына сауалнама жүргізіліп, нәтижелерін талдау бойынша,

педагогтарға сауалнама жүргізіліп, нәтижелерін талдау бойынша жұмыстар қорытындыланды.

Тиісті бейіні бойынша педагогтардың үлесі 100%, педагогикалық қайта даярлау бойынша 100% қамтылды. Тәрбиеленушілердің зияткерлік, көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелеріне «үздік» деген баға берілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқубағдарламаларында әрбір жас топтары бойынша игерілуге жататын тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту көлемін игеруге «үздік» деген баға берілді. Мектепалды даярлық тобының ата-аналарының сауалнама толтыруға ата-ана қатысты. Бөбекжайдың өзіндік бағалаудан өту қорытындысы тұжырымдалып, Атырау облысы білім саласында қамтамасыз ету департаментіне жолданып отыр.

Педагогтардың біліктілігін арттыруда «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» біліктілік санаттарының үлесін арттыру қажет. Ол үшін педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану, шығармашылық еңбекке деген құштарлықтарыңызды үнемі жетілдіріп отыру керек екенін баса айтамын.

Шешім:

1. Педагогтардың біліктілік санаттарының үлесін арттыру.
2. Педагогтарға шығармашылық жұмыстармен айналысуды, педагогикалық шеберліктерін жетілдіруді, өздігінен білім алуды жандандыру міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Тлепбергенова.АС.

Жиналыс хатшысы:

Ханатова.А.О.

